Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қапшағай ТЫНЫСЫ

Товарищество с ограниченной ответственностью

Қапшағай қаласы
1 шағын аудан, 41 үй

nurliolke@mail.ru

8 (72772) 2-32-32, 2-31-28

город Капшагай
1 микрорайон, дом 41

№ 23

«20» мамыр 2021 ж

"Алматы облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті"РМБ Басшысына

"Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу №5630190-2 Мемлекеттік сатып алу бойынша ашық конкурсқа шағым"

"Қапшағай қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі тапсырысты сатып алу саясатын жүзеге асырудағы өзінің ұсынып отырған көрсетілген қызметтердің техникалық ерекшелігі бойынша **"Жабдықтаушыға қойылатын талаптар" бөлімінде** ***"Өнім берушінің Қапшағай аймағында (5) бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі болу керек"*** деп көрсеткен болатын. Тендерге қатысушы заңды тұлға саналған "Қос періште" ЖШС-і мен "Фирма-Мақпал" ЖШС-і ол жөнінде ешқандай құжат көрсетпей отыр.

Екіншіден, техникалық ерекшеліктегі **"Біліктілікке қойылатын талаптар"** бөлімінде еңбек ресурстарынде журналист 3 (үш) бірлік, түзеуші(корректор)- 1 (бір) бірлік болу керек еді.. Ал ***"Қос періште"ЖШС-інде 3 журналист және 1 түзеуші(корректор) жоқ. "Фирма-Мақпал" ЖШС-інде 2(екі) журналист, 1(бір) түзеуші(корректор) жоқ.*** Осы еңбек ресурстары негізінен газет шығарумен тікелей айналысатынын ескерсек, олар тендер шартының талаптарын толық орындамай отырғаны анық.

Осы айтылған кемшіліктерді назарларыңызға алып, тендер хаттамасының шешімін қайта қарауларыңызды сұраймын.

"Қапшағай тынысы" ЖШС-ына қарайтын "Нұрлы өлке" газетінің басылымы 2008 жылдан бастап Қапшағай өңірінің 12 елді мекендеріне газет таралымын қамтамасыз етіп келеді.

Сіздерге деген құрметпен,
"Қапшағай тынысы" ЖШС директоры: **А.СИҚЫМБЕК**